

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің
Басқарма төрағасы-Ректор
Л.Ч.Карабасова
«28» 11 2025 ж.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ
ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2025 ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет департаментінің директоры Бишекен С.К.

Тіркеу офисінің басшысы Туреханова И.Б.

Ғылыми кеңестің шешімі негізінде («28» _____ 11 _____ 2025 ж., хаттама № 5)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректорымен

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

13-НҰСҚАНЫҢ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1.1 Осы Ереже университетте, оның ішінде университет ішінде және бір ЖОО-дан екіншісіне білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібін айқындайды.

1.2 Осы Ереже білім алушылар мен құрылымдық бөлімдер үшін орындауға міндетті болып табылады.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Осы ауысу және оқуға қайта қабылдау ережесі мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ бұйрығы.

2.2 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.3 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі ҚР БжҒМ) 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы.

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БжҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.5 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары ҚР БжҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы.

2.6 Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. ҚР БжҒМ 01.04.2019 жылғы №134 бұйрығы.

2.7 Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы ҚР БжҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығы.

2.8 Қ.Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі.

2.9 «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Жарғысы (17.05.2020 жылғы №320 бұйрығы).

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Ауысу және қайта қабылдау туралы өтінішті университет ректоры қарастырады.

3.2 Университетте, оның ішінде университет ішінде және бір ЖОО-дан екіншісіне білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес қысқы және жазғы каникул кезеңінде жүзеге асырылады. Бұйрық кезекті академиялық кезең басталғанға дейін бес күн бұрын шығарылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтары және қандастар төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, соғыс уақытында, сондай-ақ, оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында шетелдік ЖОО-дан оқу жылы ішінде қайта қабылдана алады.

3.3 Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған кезде, содан басқа білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖОО таратылған кезінде, шешім қабылдаған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖОО-ға ауыстырылады.

Аккредиттеу тоқтатыла тұрған, қайтарып алынған немесе қолданылу мерзімі өткен кезінде осы ЖОО-ның білім алушылары шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖОО-ға ауыстырылады.

3.4 Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасындағы Heriot-Watt (Хериот-Уатт) университеті кампусының білім алушыларын университет ішінде басқа білім беру бағдарламаларына ауыстыру академиялық кезең басталғанға дейін 5 күн бұрын жүзеге асырылады.

3.5 Егер білім алушыларда жеке оқу жоспарына сәйкес игерілетін бағдарламаның бірінші академиялық кезеңі толық аяқталған болса, оқудан шығарылғаннан кейін қайта қабылдана алады немесе ауыса алады.

3.6 Бұл ретте ауысатын курсына академиялық қарызы бар білім алушылар бір ЖОО-дан екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан (бұдан әрі – ББ) екіншісіне ауыса алмайды.

3.7 Білім алушылар оқудан шыққан мерзіміне қарамастан бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір ЖОО-дан екіншісіне қайта қабылдана алады.

3.8 Басқа жоғары оқу орындарының және бір білім беру тобындағы басқа білім беру бағдарламаларының студенттері Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасындағы Heriot-Watt (Хериот-Уатт) университеті кампусының білім беру бағдарламаларына ақылы негізде ауысады немесе қайта қабылдана алады.

3.9 Бір ББ-дан екіншісіне, бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысу немесе қайта қабылдау кезінде білім алушылардың оқу нәтижелерінің оң бағалары академиялық кредиттерімен ауыстырылып танылады.

3.10 Оқу нәтижелерін өзара танып, есепке алу үшін білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде ректордың бұйрығымен факультеттерде комиссиялар құрылады, университет базасындағы Хериот-Уатт университеті кампусының білім алушылары үшін Хериот-Уатт университетінің өкілдерімен бірлесіп факультетте тиісті комиссия құрылады.

3.11 Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде академиялық айырмашылықты оқытылған пәндер тізбесі негізінде факультет жанындағы комиссиялар тіркеу офісімен бірлесіп айқындайды, пән айырмашылығы бакалавриат үшін бітіру курсынан (0 кредит) басқа 24

кредиттен (ECTS), магистратура үшін 10 кредиттен (ECTS), университет базасындағы Хериот-Уатт университеті кампусының білім алушылары үшін 30 кредиттен (ECTS) аспауы тиіс.

3.12 Академиялық айырмашылықты анықтау кезінде бір бағыттағы білім беру бағдарламаларының пәндері комиссияның қарастырумен танылып, есепке алынады.

3.13 Комиссия бұрын игерілген пәндерді танып, есепке алуда сәйкестендіру ведомосін (1-қосымша) толтырады және хаттамамен рәсімдейді.

3.14 Ауысу және қайта қабылдау кезінде одан әрі оқыту курсы комиссия хаттамасының негізінде пререквизиттерді ескере отырып анықталады.

3.15 Академиялық айырмашылықты жою мақсатында қайта оқу үшін білім алушы академиялық кезеңде 10 кредиттен аспайтын пәндерге жазыла алады, сондай-ақ жазғы семестрде 20 кредитке дейін жазылып, тапсыра алады.

3.16 Басқа жоғары оқу орындарынан білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау оқуға түсу жылына байланысты университеттің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына білім алушыларды оқуға қабылдау қағидалары» саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

3.17 Білім алушылар ұлттық бірыңғай тестілеуден (бұдан әрі – ҰБТ), кешенді тестілеуден (бұдан әрі - КТ) өтіп, нәтижелері бойынша университет белгіленген шекті балдан төмен емес балл жинаған жағдайда ауысады және қайта қабылдана алады. Бұл талап университет базасындағы Хериот-Уатт кампусының білім алушыларына қолданылмайды.

Университет базасындағы Хериот-Уатт университеті кампусына ауысу немесе қайта қабылдау үшін ҰБТ сертификатынан басқа, жалпыеуропалық құзыреттерге (стандарттарға) сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық IELTS сертификаты (шекте балл – кемінде 6.0) тапсырылады.

3.18 Шетелдік білім беру ұйымынан немесе қазақстандық жоғары оқу орындарынан бакалавриат (бірінші жоғары білім) білім алушылары, сәйкес бейіндік пәндері және белгіленген шекте балы бар ҰБТ сертификаты (оқуға түсу сәтінде және оқу кезеңінде) болмаған жағдайда ауыса алмайды немесе қайта қабылдана алмайды. Ерекше жағдайларда 3.3-тармаққа сәйкес білім алушылар ҰБТ сертификатынсыз ауыса немесе қайта қабылдана алады.

Шетелдік білім беру ұйымынан бакалавриат (бірінші жоғары қысқартылған білім/екінші жоғары білім) білім алушылары бітіру курсына ауыса алмайды немесе қайта қабылдана алмайды.

Сонымен қатар, магистратура оқу деңгейі бойынша кешенді тестілеу сертификаты жоқ білім алушылар университетке ауыса алмайды немесе қайта қабылдана алмайды.

3.19 Білім алушыны «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы білім беру бағдарламаларының тобына ауыстыру және қайта қабылдау Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі) және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырған кезде және нәтижелер

бойынша белгіленген шекті балдан төмен емес балл жинаған кезде жүзеге асырылады.

3.20 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы білім беру бағдарламаларының тобына ауысу немесе қайта қабылдау кезінде қабылдау комиссиясы үшін бекітілген кафедралардағы комиссиялар өткізетін арнайы емтихан тапсыру қажет. Комиссия емтиханды білім алушыларды қабылдау талаптарына сәйкес қабылдайды.

3.21 «Құқық» саласы бойынша білім беру бағдарламаларының тобына білім алушыны ауыстыру және қайта қабылдау ҰБТ-дан сәтті өткенде және нәтижелері бойынша белгіленген шекті балдан төмен емес балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

3.22 Білім алушыны шығармашылық ББ-дан басқа ББ-ға ауыстыру немесе қайта қабылдау ҰБТ-дан екі бейіндік пән бойынша сәтті өткенде және нәтижелері бойынша белгіленген шекті балдан төмен емес балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

3.23 Білім алушыларды басқа ББ-дан шығармашылық ББ-ға ауыстыру немесе қайта қабылдау белгіленген шекті балмен шығармашылық емтиханнан сәтті өткен жағдайда жүзеге асырылады, шығармашылық емтиханды кафедралардағы қабылдау комиссиясы үшін құрылған комиссиялар қабылдау қағидаларына сәйкес өткізеді.

«В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» және «В031-Сән, дизайн» білім беру бағдарламаларының тобы үшін «Қазақстан тарихы» және «Оқу сауаттылығы» пәндері бойынша ҰБТ сертификатында жалпы 20 балдан кем болмауы қажет.

3.24 Мерзімді әскери борышын өткерген білім алушыларды университетке ақылы негізде оқуға ауыстыру және қайта қабылдау кафедралардағы қабылдау үшін құрылған комиссиялар әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

3.25 Шетел азаматтарын оқуға ауыстыру және қайта қабылдау кафедралардағы қабылдау комиссиясы үшін құрылған комиссиялар өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады.

3.26 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау «Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік ұсынымдары» негізінде жүзеге асырылады.

3.27 Білім алушының қатарына қабылдау туралы бұйрық мына жағдайда шығарылады:

- өтініш пен тапсырылған құжаттардың негізінде;
- қайта қабылдау немесе ауысу мәселесі оң шешім қабылданған соң;
- ауысу немесе қайта қабылдау кезінде ағымдағы оқу жылының бірінші курсына түскендер үшін қолданылатын жылдық оқу ақысының 30%-ы және есептелген академиялық пән айырмашылығына төлем 100% төлегеннен кейін; (университет ішінде ауысқан жағдайда білім алушының оқу ақысының мөлшері оның оқуға түскен жылына сәйкес сақталады);

- келісімшарт рәсімделгеннен кейін.

4 АУЫСУ ТӘРТІБІ

4.1 Білім алушыларды ауыстыру бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, оқу тілі бойынша бір бөлімнен екіншісіне, бір ЖОО-дан екіншісіне жүзеге асырылады.

4.2 Білім алушыны бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру екі ұйым басшыларының келісімімен жүргізіледі және тиісті бұйрықтармен рәсімделеді.

4.3 Білім алушыны бір ЖОО-дан екінші ЖОО-ға ауыстыру рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- басқа ЖОО-ға ауысқысы келетін білім алушы өзі оқитын ЖОО ректорының атына ауысу туралы өтініш береді және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алғаннан кейін қалаған ЖОО-ның ректорының атына өтініш береді;

- басқа ЖОО-дан ауысу туралы өтінішке қол қойылып, мөрмен бекітілген транскрипт, ҰБТ-ны соңғы тапсыру сертификатының көшірмесі (бакалавриат үшін) және КТ тапсыру сертификатының көшірмесі (магистратура мен докторантура үшін), білім беру гранты иегері куәлігінің көшірмесі (егер болған жағдайда), аттестаттың немесе дипломның көшірмесі, лицензияның көшірмесі, өзі оқыған ЖОО ректорының келісімі берілген өтініш (басшының қолымен және мөрімен) қоса тапсырылуы тиіс;

- факультеттердегі комиссия ұсынылған құжаттар негізінде пәндердің академиялық айырмашылығын анықтайды және игерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсын белгілейді және тіркеу офисінің келісімімен ББ-ға сәйкес игерілген кредиттерді қайта есептейді;

- факультет деканы, тіркеу офисінің басшысы, АҚД директорының, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың визаларына сәйкес ректордың білім алушыны ауыстыру туралы бұйрығы шығарылады.

4.4 Бұйрық шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде білім алушы бұрын оқыған ЖОО-ға оның жеке ісін жіберу туралы жазбаша сұраныс жіберіледі. Сұранысқа білім алушыны ауыстыру арқылы қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

4.5 Бұрын білім алушы оқыған университет сұраныс алғаннан кейін білім алушының жеке ісін қабылдаушы ЖОО-ға жібереді (сұраныс жібергеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде). Білім алушылардың жеке ісі уақтылы алынбаған жағдайда білім алушы оқудан шығарылады.

4.6 Басқа жоғары оқу орындарына ауыстырылатын немесе қайта қабылданатын білім алушының жеке ісінің уақтылы жіберілуін бақылау жауапты құрылым бөлімінің басшысына жүктеледі.

4.7 Жеке құжаттар мыналарды қамтуы тиіс: аттестаттың (дипломның) түпнұсқасы, транскрипт немесе академиялық анықтама, ҰБТ немесе КТ сертификаты, білім беру гранты иегерінің куәлігі (грант болса), қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелері, курстан курсқа ауыстыру, оқудан шығару туралы бұйрықтардың көшірмелері, оқуға түсу туралы өтініш, 075-У

нысанындағы медициналық анықтама және жіберілетін құжаттардың тізімдемесі.

4.8 Білім беру гранты бойынша оқитын білім алушылар білім беру грантын сақтай отырып, білім беру тобының ішіндегі білім беру бағдарламаларына ауыса алады.

4.9 Білім беру гранты бойынша білім алушылар өз еркімен білім беру грантын сақтай отырып, басқа университетке ауыстырылады.

Университет базасындағы Хериот-Уатт университетінің кампусы үшін бекітілген нысаналы білім беру гранттарына түскен студенттер басқа ЖОО-ға немесе басқа білім беру бағдарламасына тек ақылы негізде ауыса алады.

4.10 Жекелеген ЖОО-лар үшін бекітілген білім беру гранттары бойынша, сондай-ақ бөлінген квота негізінде педагогикалық мамандықтарға түскен білім алушылар басқа ЖОО-ға ақылы негізде ауыстырылады.

4.11 Басқа ЖОО-ға ауыстырылған білім алушының жеке ісіне сұраныс академиялық кезең басталғаннан бастап университет 2 апта ішінде жіберуге міндетті. Жіберілмеген жағдайда білім алушы университетпен байланысын жоғалтқаны үшін оқудан шығарылады.

5 ОҚУҒА ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

5.1 Білім алушыларды оқуға қайта қабылдау тек ақылы негізде ғана жүзеге асырылады, одан әрі пререквизиттер мен пән айырмашылықтары ескеріліп, оқу курсы айқындалады.

5.2 Қайта қабылдау процедурасы келесі тәртіпте жүзеге асырылады, білім алушы университет ректорының атына оқуға қайта қабылдау туралы өтініш береді. Қайта қабылдау туралы өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- транскрипт немесе академиялық анықтама;
- білім туралы құжаттың түпнұсқасы (егер шетелдік жоғары оқу орнының құжаты болса, онда білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтеді);
- ҰБТ/КТ сертификаты;
- түсу емтихандарын тапсыру туралы хаттама (шетелдік ЖОО-дан);
- қабылдау туралы, курстан курсқа ауыстыру, оқудан шығару туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- ЖОО лицензияның көшірмесі;
- 075-у нысанындағы медициналық анықтама.

5.3 Факультеттердегі комиссия ұсынылған құжат негізінде пәндердің академиялық айырмашылығын анықтайды және игерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсын белгілейді, тіркеу офісінің келісімімен ББ-ға сәйкес игерілген кредиттерді қайта есептейді.

5.4 Факультет деканы, тіркеу офісі басшысы, АҚД директоры, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың визаларына сәйкес ректордың білім алушыны қайта қабылдау туралы бұйрығы шығарылады.

5.5 Қайта қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін бұрынғы оқыған ЖОО-ға білім алушының жеке ісіне сұраныс жіберіледі.

5.6 Бұрын білім алушы оқыған университет сұраныс алғаннан кейін білім алушының жеке іс құжаттарын қабылдаушы ЖОО-ға жібереді (сұраныс жібергеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде). Уақтылы жібермеген жағдайда білім алушы оқудан шығарылады.

5.7 Курстан курсқа ауыстыру туралы бұйрық шыққанға дейін оқу ақысын төлемегені үшін, өз еркімен оқудан шығарылған білім алушы, оқу жылын академиялық қарызсыз аяқтаған жағдайда, сол оқу жылында жазғы демалыс кезеңінде қайта қабылданады және келесі оқу курсына көшіріледі.

5.8 Қорытынды аттестаттауға жіберілген, бірақ оқудан шығарылған (өз еркімен, келмегені үшін немесе «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған, оқу ақысын төлемеуіне байланысты және т.б.) білім алушы академиялық күнтізбеге сәйкес каникул кезінде оқу ақысын төлеп, кейінгі жылдары қайта қабылданады.

7 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

7.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

7.2 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңа ережелермен ауыстырылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Л.Н.Мясникова

Сәйкестендіру ведомосі

білім алушының аты-жөні

Ауыстырылған/шығарылған

білім беру ұйымының атауы

20__-20__ оқу жылына _____
 білім бағдарламасының _____ курсына қайта қабылдануға/ауысу кезінде
 пән айырмашылықтары мен пәндерді өзара есепке алу:

№	Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-нің пәндер атауы	Кредит саны	Басқа ЖОО меңгерілген пәндер атауы	Кредит саны	Баға	Ескерту
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						
8						

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

Комиссия мүшелері _____

Кафедра меңгерушісі _____

Факультет деканы _____

Тіркеу офісі _____

« _____ » _____ 20__ ж.